

Дуалды оқыту туралы келісім шарт № 1

Тараз қ.

«31» 08 2023 ж

Мемлекеттік лицензияның № KZ30LAA00032738 (26 қазан 2022 жылғы) негізінде әрекет етуші
(құрылтайшы құжаттардың реквизиттері)

Э.ғ.д., профессор Баяндин Марат Асылбековичтың атынан,
(басшының немесе басқа өкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты)

бұдан әрі «білім беру ұйымы» деп аталатын

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты
бір жағынан,

(білім беру ұйымның атауы)

негізінде әрекет етуші

Самасанова Н. Ж. атынан,
(құрылтайшы құжаттардың реквизиттері)
(басшының немесе басқа өкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты)

бұдан әрі «кәсіпорын» деп аталатын

Кемелік Марат Золтанович - ишпеншілік
мекені - Тараз
(кәсіпорынның атауы)

екінші жағынан, және азамат(ша)

(тегі, аты, әкесінің аты)

бұдан әрі «білім алушы» деп аталатын үшінші жақтан Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға сәйкес төмендегілер туралы осы дуалды келісім шартты жасады:

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Осы шарт білім алушының Мат. орыс біліктілігі (-тері) бойынша дағдылар мен кұзыреттер алуы мақсатында дуалды оқыту аясында өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өту мерзіміне жасалды.

1.2. Оқытатын кәсіпорын білім алушыны өндірістік оқыту мен кәсіптік практикаға қабылдайды.

1.3. Білім алушы өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өту аясындағы еңбек функциясын жұмыс нұсқаулығына сәйкес орындайды және еңбек тәртібін сақтайды, ал оқытатын кәсіпорын оны тиісті еңбек жағдайларымен қамтамасыз етеді.

2. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ

2.1. Оқу орны:


2.1.1. оқытатын кәсіпорынмен жұмыс оқу жоспарларын, өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканы өткізу кестелерін, сондай-ақ өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканың жұмыс оқу бағдарламаларын келісуге;

2.1.2. өндірістік оқыту мен кәсіптік практика басталғанға дейін кәсіпорынға өндірістік оқыту мен кәсіптік практикаға жіберілген білім алушылардың тізімін ұсынуға;

2.1.3. оқу орнының білікті оқытушыларын тарта отырып, білім беретін бағдарламаға сәйкес теориялық оқыту бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етуге;

2.1.4. өндірістік оқыту мен кәсіптік практикаға жіберілген білім алушының алдын ала дайындығын қамтамасыз етуге;

2.1.5. оқу орнының тиісті біліктілігі бар инженерлік-педагогикалық қызметкерлері мен өндірістік оқыту шеберлері қатарынан өндірістік оқыту және/немесе кәсіптік практика жетекшісін тағайындауға;



2.1.6. еңбек тәртібі мен Кәсіпорынның қолданыстағы еңбек тәртіптемесі қағидаларының сақталуын қамтамасыз етуге;

2.1.7. өндірістік оқытумен кәсіптік практиканы өткізуді ұйымдастыруда оқытатын кәсіпорынға әдістемелік көмек көрсетуге;

2.1.9. білім беретін бағдарламаларға сәйкес өндірістік оқытумен кәсіптік практиканы ұйымдастыруды бақылауды қамтамасыз етуге міндетті.

2.2. Оқытатын кәсіпорын:

2.2.1. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы және «Білім туралы» Заңының, осы Шарттың және оқытатын кәсіпорын актілерінің талаптарын сақтауға;

2.2.2. өндірістік оқытумен кәсіптік практикаға қабылдаған кезде білім алушыны келесі құжаттармен:

- ішкі еңбек тәртіптемесі қағидаларымен;
- жұмыс және өндірістік нұсқаулықтармен;
- білім алушының қызметіне тікелей қатысы бар Оқытатын кәсіпорынның актілерімен;
- еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік талаптарымен және өндірістік оқытумен кәсіптік практика кезінде оған жүктелген еңбек функцияларын орындау үшін қажетті басқа да қағидалармен қол қойдырып таныстыруға;

2.2.3. Еңбек кодексіне сәйкес білім алушыны өндірістік оқытумен кәсіптік практикадан өту кестесімен қамтамасыз етуге;

2.2.4. еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша бақылауды жүзеге асыруға;

2.2.5. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы мен осы Шартқа сәйкес білім алушыны еңбек жағдайларымен қамтамасыз етуге;

2.2.6. өндірістік оқытумен кәсіптік практикадан өту уақытының, білім алушы орындайтын жұмыстардың нақты есебін жүргізуге;

2.2.8. тәжірибелі әрі білікті қызметкерлер қатарынан білім алушыға тәлімгерді тағайындауға;

2.2.9. нәтижелері бойынша білім алушыға нақты мамандық бойынша кәсіптік біліктіліктің қол жеткізген деңгейі (разряд, сынып, санат) берілетін білім алушыларды аралық аттестаттауға қатысуға;

2.2.10. өндірістік оқыту мен кәсіптік практика нәтижелері бойынша білім алушыға мінездеме беруге және оқу орнындағы қорытынды аттестаттауға қатысуға міндетті.

2.3. Оқытатын кәсіпорын:

2.3.1. Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін осы Шартты өзгертуге, толықтыруға және білім алушымен және оқу орнымен оны бұзуға;

2.3.2. білім алушыдан осы Шарттың, еңбек тәртіптемесі қағидаларының және оқытатын кәсіпорынның басқа да актілерінің талаптарын орындауын талап етуге құқылы;

2.3.3. Оқытатын кәсіпорын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген өзге де құқықтарға ие және өзге де міндеттерді орындайды.

2.4. Білім алушы:

2.4.1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, осы шартқа және оқытатын кәсіпорынның актілеріне сәйкес өндірістік оқытумен кәсіптік практикадан өту аясында өзінің еңбек міндеттерін орындауға;

2.4.2. өндірістік оқытудан (кәсіптік практикадан) өту туралы күнделікті тиісті нысанда жүргізуге, өндірістік оқытудан өту бойынша бағаларды тиісінше алуға, сондай-ақ оларды тәлімгерлер мен практика жетекшілеріне тұрақты түрде көрсетуге;

2.4.3. мамандығы бойынша білім мен дағдыларды алуға жауапкершілікпен қарауға, жұмысшы кәсіп нұсқаулығына, оқытатын кәсіпорынның қолданыстағы Ережелеріне сәйкес еңбек функцияларын орындауға;


2.4.4. мамандығына/біліктілігіне сәйкес өндірістік оқыту, практика бағдарламасын толық көлемде оқып-білуге және меңгеруге, тиісті біліктілік деңгейін алуға;

2.4.5. жұмыс орнында еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі және өндірістік санитария жөніндегі талаптарды сақтауға;

2.4.6. оқытатын кәсіпорынның және басқа да қызметкерлердің мүлкіне ұқыпты қарауға;

2.4.7. оқытатын кәсіпорынға адамдардың өмірі мен денсаулығына, оқытатын кәсіпорын мен қызметкерлер мүлкінің сақталуына қауіп төндіретін ахуалдың туындағаны туралы хабарлауға;

2.4.8. еңбекке жарамсыз болған жағдайда, бұл туралы оқытатын кәсіпорынға оның еңбекке жарамсыздығы белгіленген сәттен бастап бір тәуліктен кешіктермей хабар беруге;



2.4.9. еңбек міндеттерін орындау барысында білім алушыға белгілі болған оқытатын кәсіпорынның қызметтік және коммерциялық құпиясын құрайтын мәліметтерді жария етпеуге;

2.4.10. осы шарт бұзылған (тоқтатылған) жағдайда оқытатын кәсіпорынның тиісті құрылымдық бөлімшелерінде кету қағазын ресімдеу тәртібін сақтауға міндетті.

2.5. Білім алушы:

2.5.1. оқытатын кәсіпорыннан осы шарттың талаптарын орындауын талап етуге;

2.5.2. еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптарына сәйкес жабдықталған жұмыс орнына;

2.5.3. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде және «Білім туралы» Заңында көзделген тәртіппен және талаптарда осы шартты өзгертуге, толықтыруға және бұзуға;

2.5.4. Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау туралы заңнамасында көзделген талаптарға сәйкес жеке және ұжымдық қорғау құралдарымен, арнайы киіммен қамтамасыз етілуіне құқығы бар.

3. ӨО-дан ӨТУ УАҚЫТЫ, ДЕМАЛЫС УАҚЫТЫ

3.1. Білім алушыға Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес ұзақтығымен жұмыс уақытының режимі белгіленеді.

3.2. Еңбек заңнамасы мен оқытатын кәсіпорынның жұмыс режиміне сәйкес білім алушыға демалыс күні (демалыс күндері) беріледі.

3.3 Оқу үрдісінің кестесіне сәйкес білім алушыға орнының сақталуымен каникул (демалыс) уақыты беріледі.

4. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ, ОНЫ ӨЗГЕРТУ, ТОЛЫҚТЫРУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ ТӘРТІБІ

4.1. Шарт 2018 жылғы 31.08 бастап күшіне енеді және 2016 жылғы 31.08 (қоса алғанда) дейін қолданыста болады;

4.2. Шарт келесі негіздемелер бойынша:

- білім алушы оқу орнынан шығарылған кезде;

- өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өтуіне кедергі келтіретін денсаулық жағдайының салдарынан білім алушы жұмыс орнына сәйкес келмеген жағдайда;

- білім алушы бір жұмыс күні ішінде дәлелді себепсіз үш немесе одан да көп сағат бойы өндірістік оқыту (кәсіптік практика) орнында болмаған жағдайда;

- білім алушы өндірістік оқыту (кәсіптік практика) орнында алкогольдік, есірткілік, психотроптық, уытқұмарлық масандық (соларға ұқсас) жағдайында болған, оның ішінде жұмыс күні ішінде алкогольдік, есірткілік, уытқұмарлық масандық (соларға ұқсас) жағдайын туғызатын заттарды пайдаланған жағдайда;

- білім алушы тиісті актімен расталған, алкогольдік, есірткілік, уытқұмарлық масандық жағдайын туғызатын заттарды пайдалану фактісін анықтау үшін медициналық куәландырудан өтуден бас тартқан жағдайда;

- жаракаттар мен аварияларды қоса алғанда, ауыр зардаптарға әкеп соққан немесе әкеп соғуы мүмкін, еңбекті қорғау немесе өрт қауіпсіздігі ережелерін білім алушы немесе оқытатын кәсіпорын бұзған жағдайда бұзылуы немесе тоқтатылуы мүмкін;

4.3. Шарт бірдей заңды күші бар қазақ және орыс тілдерінде үш данада жасалып, оған қол қойылды, оқытатын кәсіпорын, оқу орны және білім алушы үшін бір данадан _____ облысының, қаласының Кәсіпкерлер палатасында тіркелді.

4.4. Тараптар Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізуді Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Шартқа қосымша келісімді жасау жолымен жазбаша түрде жүзеге асырады.

4.5. Шарт талаптарын өзгерту туралы ұсынысты Шарт Тараптарының бірі жазбаша түрде береді және басқа Тарап бұл ұсынысты оның берілген күнінен бастап жеті күнтізбелік күн ішінде қарайды.

5. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖӘНЕ ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

5.1. Осы шартта көзделген міндеттемелерді орындамағаны және тиісінше орындамағаны үшін Тараптар осы шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылықта болады.

5.2. Оқытатын кәсіпорынбілім алушының тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінде және «Білім туралы» Заңында белгіленген негіздер бойынша осы шартты оқытатын кәсіпорынның бастамасы бойынша бұзу түріндегі тәртіптік жаза қолдануға құқылы.

5.3. Оқытатын кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда білім алушы алдында материалдық жауаптылықта болады.

6. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР

6.1. Осы шарт Тараптар арасында толық уағдаластықты қамтиды. Оған барлық қосымшалар оның ажырамас бөлігі болып табылады.

6.2. Тараптардың осы Шартты жасағанға дейін туындаған барлық кезкелген міндеттемелерінің заңды күші жойылды деп есептеледі.

6.3. Тараптар өздеріне оқытатын кәсіпорынның қызметтік және коммерциялық құпиясын, сондай-ақ инсайдерлік ақпаратын жария етпеу туралы міндеттемені алады.

7. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕНЖАЙЛАРЫ

Кәсіпорын:

«Келісім» ЖШС
(кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның және тағы басқа тауы)

Е.С.Мамбетов
т.т.
(заңды мекен-жайы)

(БСН, БСК, Кбе, банк)

(қала кодын көрсетіп, байланыс телефон, факс нөмірі)

Директор


(тегі, аты, әкесінің аты, қолы)
М.О.



Білім беру ұйымы:

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық
Тараз инновациялық институты
080000, Қазақстан Республикасы,
Тараз қаласы, Желтоқсан к-сі, 69^Б
РНН-211500236592
БИН - 080640010161
БИК –КСЖВКЗКХ
ИИК – KZ288562203101941039
Кбе 17

«Банк Центр Кредит» АҚ

Тел.: 8 (7262) 501355

Факс: 8 (7262) 518312

E-mail: figi_kz@mail.ru

« 27 » 08 2023 ж.

Ректор М.Баяндин

